**ТОО «Continental Matador KZ» (Континентал Матадор КейЗэт) / «Continental Matador KZ» (Континентал Матадор КейЗэт) ЖШС**

# ПРОГРАММА

**расширенных условий к гарантии**

**на шины Continental 2021-2022 год /**

**Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары**

# БАҒДАРЛАМАСЫ
**2021-2022 жыл**

| Русский | Казахский |
| --- | --- |
| **I. Вступление**<br><br>Основные понятия, используемые в Программе расширенных условий к гарантии на шины Continental**:**<br><br>**Программа –** настоящая программа расширенных условий к гарантии на шины Continental;<br><br>**Шина или Шины** - шины для легковых автомобилей марки **CONTINENTAL**: SportContact6, ContiSportContact 5/5P, ContiSportContact, Conti4X4SportContact, EcoContact6, ContiEcoContact CP, ContiEcoContact EP, ContiSportContact 2, ContiPremiumContact, PremiumContact6, ContiPremiumContact 5, ContiSportContact 3/3E, , ContiEcoContact 3, ContiPremiumContact 2/2E, ContiEcoContact 5, ContiCrossContact AT/LX/LX Sport/LX2/UHP/UHP E - для летнего ассортимента;<br><br>Ice Contact 3, Ice Contact 2, VikingContact7, VikingContact6, ContiWinterContact TS760/780/790/790V/800/810/810S/830/830P/850/850P/860/860S, ContiIceContact, ContiVikingContact 3, ContiVikingContact 5, CrossContact Winter, CrossContact Viking, Conti4x4WinterContact, - для зимнего ассортимента шин;<br><br>**ПРОДАВЕЦ** – Товарищество с ограниченной ответственностью «**Continental Matador KZ**»;<br>**ПОКУПАТЕЛЬ** - коммерческая организация или индивидуальный предприниматель, являющийся контрагентом ПРОДАВЦА, заключивший рамочный договор поставки и принявший решение об участии в Программе;<br><br>**Затраты ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии -** затраты, понесенные ПОКУПАТЕЛЕМ в Период проведения Программы в результате замены или ремонта Шин (в | **I. Кіріспе**<br><br>Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары бағдарламасында пайдаланылатын негізгі ұғымдар**:**<br><br>**Бағдарлама –** осы Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары бағдарламасы;<br><br>**Шина немесе Шиналар** – жеңіл автомобильдерге арналған **CONTINENTAL** маркасының шиналары: SportContact6, ContiSportContact 5/5P, ContiSportContact, Conti4X4SportContact, EcoContact6, ContiEcoContact CP, ContiEcoContact EP, ContiSportContact 2, ContiPremiumContact, PremiumContact6, ContiPremiumContact 5, ContiSportContact 3/3E, ContiEcoContact 3, ContiPremiumContact 2/2E, ContiEcoContact 5, ContiCrossContact AT/LX/LX Sport/LX2/UHP/UHP E – жазғы ассортимент үшін;<br><br>Ice Contact 3, Ice Contact 2, VikingContact7, VikingContact6, ContiWinterContact TS760/780/790/790V/800/810/810S/830/830P/850/850P/860/860S, ContiIceContact, ContiVikingContact 3, ContiVikingContact 5, CrossContact Winter, CrossContact Viking, Conti4x4WinterContact – қысқы ассортимент үшін;<br><br>**САТУШЫ** – «**Continental Matador KZ**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;<br>**САТЫП АЛУШЫ** – САТУШЫНЫҢ контрагенті болып табылатын, жеткізілімнің негіздемелік шартын жасаған және Бағдарламаға қатысу туралы шешім қабылдаған коммерциялық ұйым немесе жеке кәсіпкер;<br><br>**САТЫП АЛУШЫНЫҢ кепілдік бойынша шығындары** – вандализм әрекеттерін, Шиналарды пайдалану шарттарын бұзуды, сондай-ақ өндірістік ақауды қоспағанда, |

| | |
|---|---|
| том числе, связанных с этим услуг по снятию, установке, монтажу, демонтажу и балансировке, а также доставке Шин на склад ПРОДАВЦА для их последующей утилизации), поврежденных в результате механического воздействия, за исключением актов вандализма, нарушения условий эксплуатации Шин, а также производственного брака. | механикалық әсердің нәтижесінде зақымданған Шиналарды жөндеу немесе айырбастау (соның ішінде осымен байланысты Шиналарды шешу, орнату, монтаждау, демонтаждау және теңгеру, сондай-ақ оларды кейін кәдеге жарату үшін САТУШЫНЫҢ қоймасына жеткізу қызметтері) нәтижесінде Бағдарламаны жүргізу кезеңіндегі САТЫП АЛУШЫ жұмсаған шығындар. |
| **II. Правила** | **II. Ережелер** |
| **1. Основные условия Программы** | **1. Бағдарламаның негізгі шарттары** |
| ПРОДАВЕЦ направляет текст Программы существующим ПОКУПАТЕЛЯМ, а также размещает текст на сайте www.continental.ru. | САТЫП АЛУШЫ Бағдарлама мәтінін бар САТЫП АЛУШЫЛАРҒА жібереді, сондай-ақ мәтінді www.continental.ru сайтына орналастырады. |
| ПОКУПАТЕЛЬ, уполномоченный ПРОДАВЦОМ, приобретает статус участника Программы и, соответственно, право на возмещение Затрат ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии по Шинам, возраст которых на момент обращения составляет не более пяти лет с даты производства (согласно DOT). | САТУШЫ уәкілетті еткен САТЫП АЛУШЫ Бағдарламаның қатысушысы мәртебесіне және, сәйкесінше, САТЫП АЛУШЫНЫҢ Шиналар бойынша кепілдік шығындарын өтеу құқығына ие болады, бұл ретте жүгінген сәтте шиналар мерзімі өндірілген күнінен бастап бес жылдан аспаған болуы тиіс (DOT-қа сәйкес). |
| Continental | Continental |
| ПРОДАВЕЦ обязуется возместить ПОКУПАТЕЛЮ Затраты ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии на условиях, предусмотренных настоящей Программой. | САТУШЫ САТЫП АЛУШЫҒА осы Бағдарламада қарастырылған шарттармен САТЫП АЛУШЫНЫҢ Кепілдік бойынша шығындарын өтеуге міндеттенеді. |
| Условия возмещения Затрат ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии:<br>- условия данной Программы действуют в течение **одного года** ***(а для модели Ice Contact 3- два года, при условии сезонного хранения)*** с момента приобретения конечным потребителем Шин у ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченных ПОКУПАТЕЛЕМ на торговлю Шинами организаций, при этом остаточная глубина протектора Шины должна составлять не менее 4 мм на момент обращения к | САТЫП АЛУШЫНЫҢ Кепілдік бойынша шығындарын өтеу шарттары:<br>- осы Бағдарламаның шарттары соңғы тұтынушының САТЫП АЛУШЫДАН немесе САТЫП АЛУШЫ Шиналарды сатуға уәкілеттік берген ұйымнан Шиналарды сатып алған сәттен бастап ***бір жыл*** бойы әрекет етеді (және ***Ice Contact 3 моделі үшін - маусымдық сақтау шартына сәйкес екі жыл***), бұл ретте САТЫП АЛУШЫҒА немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымға жүгінген сәтте |

| | |
|---|---|
| ПОКУПАТЕЛЮ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации.<br><br>- поврежденные Шины должны быть приобретены физическими лицами для личных целей, не связанных с предпринимательской деятельностью;<br><br>- повреждение должно быть вызвано механическим воздействием (например, прокол и/или порез, вздутие боковины, за исключением актов вандализма, нарушения условий эксплуатации поврежденных шин, производственного брака) и препятствовать дальнейшей безопасной эксплуатации поврежденных Шин. При этом актом вандализма считается намеренная/умышленная порча или уничтожение Шины;<br><br>- замена Шин производится, если указанные выше повреждения, на которые распространяются условия данной Программы, превышают в диаметре 6 мм.<br><br>- выпадение шипов попадает под действие Программы, в случае выпадения более 10% шипов в течение 3000 (трех тысяч) километров пробега или двух месяцев с момента приобретения Шины (в зависимости от того, что наступит ранее);<br><br>- Программа не распространяет свое действие на Шины, которые были отремонтированы не у ПОКУПАТЕЛЯ, либо уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации.<br><br>ПРОДАВЕЦ обязуется рассмотреть обращение ПОКУПАТЕЛЯ в рамках данной Программы в течение 20 (Двадцати) рабочих дней со дня получения от ПОКУПАТЕЛЯ корректно оформленного пакета документов.<br><br>ПРОДАВЕЦ возмещает Затраты ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии в следующих размерах: | Шина протекторының қалдық тереңдігі 4 мм кем болмауы тиіс.<br><br>- зақымданған Шиналарды жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ жеке мақсаттары үшін сатып алулары қажет;<br><br>- зақым механикалық әсерден болуы (мысалы, вандализм әрекеттерін, зақымданған шиналарды пайдалану шарттарын бұзуды, өндірістік ақауды қоспағанда, шиналардың тесілуі және/немесе тілінуі, бүйір жағының дүмпуі) және зақымданған Шиналарды әрі қарай қауіпсіз пайдалануға кедергі келтіруі қажет. Бұл ретте Шиналарды әдейі/қасақана бүлдіру немесе құрту вандализм әрекеті деп есептеледі;<br><br>- егер осы Бағдарламаның шарттарына қатысы бар жоғарыда аталған зақымданулардың диаметрі 6 мм асса, Шиналар ауыстырылады.<br><br>- жүріп өткен жолдың 3000 (үш мың) километрінде немесе Шиналарды сатып алған сәттен бастап екі ай ішінде (қайсысы ертерек болатынына байланысты) бүртабандарының 10%-дан астамы түсіп қалған жағдайда, ол Бағдарламаға жатқызылады;<br><br>- Бағдарлама САТЫП АЛУШЫДАН немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымнан тыс жөнделген Шиналарды қамтымайды.<br><br>САТУШЫ осы Бағдарлама аясында жасалған САТЫП АЛУШЫНЫҢ өтінішін САТЫП АЛУШЫДАН құжаттардың дұрыс ресімделген пакетін алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қарап шығуға міндеттенеді.<br><br>САТУШЫ САТЫП АЛУШЫНЫҢ Кепілдік бойынша шығындарын келесі мөлшерде өтейді:<br><br>Тапсырыс-жүктелімнің көшірмесімен расталған жөндеу бойынша көрсетілген |

| | |
|---|---|
| 100% от стоимости оказанных услуг по ремонту (без учета НДС), подтвержденной копией заказа-наряда, но не более, чем:<br><br>- 2700 (две тысячи семьсот) тенге, без учета НДС, из расчета ремонта Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 13 - 14 дюймов в количестве 1 шт.,<br>- 3780 (три тысячи семьсот восемьдесят) тенге, без учета НДС, из расчета ремонта Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 15 - 17 дюймов в количестве 1 шт.,<br>- 4860 (четыре тысячи восемьсот шетьдесят) тенге, без учета НДС, из расчета ремонта Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 18 дюймов и более в количестве 1 шт.<br><br>100% от стоимости замены Шин(ы). Под данной стоимостью понимается стоимость поврежденной(ых) Шин(ы) на дату ее закупки ПОКУПАТЕЛЕМ у ПРОДАВЦА (без учета НДС). В дополнении к стоимости замененных в ходе Программы Шин ПРОДАВЕЦ возмещает 100% стоимости услуг по шиномонтажу (снятие, установка, монтаж, демонтаж, балансировка), подтвержденной копией заказ-нарядов, но не более, чем:<br><br>- 2160 (две тысячи сто шестьдесят) тенге, без учета НДС, из расчета замены Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 13 - 14 дюймов в количестве 1 шт.,<br>-3240 (три тысячи двести сорок) тенге, без учета НДС, из расчета замены Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 15 - 17 дюймов в количестве 1 шт.,<br>- 4320 (четыре тысячи триста двадцать) тенге, без учета НДС, из | қызметтер құнының 100% (ҚҚС есептемегенде), бірақ төмендегілерден аспайды:<br><br>- қону диаметрі 13 – 14 дюйм болатын CONTINENTAL Шинасын жөндеу есебінен 2700 (екі мың жеті жүз) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.,<br>- қону диаметрі 15 – 17 дюйм болатын CONTINENTAL Шинасын жөндеу есебінен 3780 (үш мың жеті жүз сексен) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.,<br>- қону диаметрі 18 дюйм және одан көп болатын CONTINENTAL Шинасын жөндеу есебінен 4860 (төрт мың сегіз жүз алпыс) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.<br><br>Шинаны(ларды) айырбастау құнының 100%. Осы құн ретінде САТЫП АЛУШЫНЫҢ Шинаны(ларды) САТУШЫДАН сатып алған күні зақымданған Шинаның(лардың) құны түсіндіріледі (ҚҚС есептемегенде). Бағдарлама барысында ауыстырылған Шиналардың құнына қосымша ретінде САТУШЫ шина монтажы бойынша қызметтердің (шешу, орнату, монтаж, демонтаж, теңгеру), тапсырыс-жүктелімнің көшірмесімен расталған құнын 100% өтейді, бірақ төмендегілерден аспайды:<br>- қону диаметрі 13 – 14 дюйм болатын CONTINENTAL Шинасын айырбастау есебінен 2160 (екі мың бір жүз алпыс) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.,<br>- қону диаметрі 15 – 17 дюйм болатын CONTINENTAL Шинасын айырбастау есебінен 3240 (үш мың екі жүз қырық) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.,<br>- қону диаметрі 18 дюйм және одан көп болатын CONTINENTAL |

| | |
|---|---|
| расчета замены Шины CONTINENTAL с посадочным диаметром 18 дюймов и более в количестве 1 шт.<br>ПРОДАВЕЦ осуществляет не более одной компенсации Затрат ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии на ремонт или замену приобретенной конечным потребителем Шины и получившей повреждения, подпадающие под действие настоящей Программы.<br><br>**2. Обязанности ПОКУПАТЕЛЯ:**<br><br>- продавать Шины с соблюдением требований п. 3 настоящей Программы;<br>- принимать поврежденные Шины с целью их ремонта или замены в рамках действия Программы на основании выданных гарантийных сертификатов;<br>- осуществлять ремонт поврежденных Шин в соответствии с требованиями, указанными в настоящей Программе;<br>- осуществлять замену Шин в соответствии с условиями настоящей Программы и только в случае невозможности произвести их ремонт (взамен поврежденной Шины ПОКУПАТЕЛЬ выдает новую Шину);<br>- отправлять замененные поврежденные Шины на склад ПРОДАВЦА для их последующей утилизации;<br>-регистировать все, без исключения, Шины, проданные им конечным потребителям, для целей участия в Программе на онлайн-портале www.contipromo.ru<br>-регистрировать все рекламации, поданные в отношении таких Шин, в рамках Программы на онлайн-портале www.contipromo.ru.<br><br>**3. Порядок реализации Шин, участвующих в Программе. Замена и ремонт поврежденных шин.** | Шинасын айырбастау есебінен 4320 (төрт мың үш жүз жиырма) теңге, ҚҚС есептемегенде, 1 д.<br><br>САТУШЫ САТЫП АЛУШЫНЫҢ соңғы тұтынушы сатып алған Шинаны жөндеуге немесе айырбастауға берілген кепілдігі бойынша және осы Бағдарламада қамтылатын зақымданулары бойынша шығындарының ең көбі бір өтемақысын жүзеге асырады.<br><br>**2. САТЫП АЛУШЫНЫҢ міндеттері:**<br><br>- осы Бағдарламаның 3-т. талаптарын сақтай отырып, Шиналарды сату;<br>- Бағдарламаның әрекет етуі аясында берілген кепілдік сертификаттары негізінде зақымданған Шиналарды жөндеу немесе айырбастау мақсатында оларды қабылдау;<br>- осы Бағдарламада көрсетілген талаптарға сәйкес зақымданған Шиналарға жөндеу жүргізуді жүзеге асыру;<br>- осы Бағдарламаның шарттарына сәйкес және Шиналар жөндеуге келмейтін жағдайларда ғана оларды айырбастау (зақымданған Шинаның орнына САТЫП АЛУШЫ жаңа Шина береді);<br>- ауыстырылған зақымданған Шиналарды әрі қарай кәдеге жарату үшін оларды САТУШЫНЫҢ қоймасына жіберу.<br>-соңғы тұтынушыларға сатқан бірін қалдырмастан, барлық Шинаны Бағдарламаға қатысу мақсатында www.contipromo.ru онлайн-порталында тіркеу<br>-Бағдарлама аясында осындай Шиналарға қатысты жасалған барлық шағым-талаптарды www.contipromo.ru онлайн-порталында тіркеу.<br><br>**3. Бағдарламаға қатысатын Шиналарды өткізу тәртібі. Зақымданған шиналарды айырбастау және жөндеу.** |

| | |
|---|---|
| При реализации ПОКУПАТЕЛЕМ шин в период участия ПОКУПАТЕЛЯ в Программе каждому конечному потребителю предоставляется товарный и кассовый чеки, в которых указывается наименование приобретенной Шины | САТЫП АЛУШЫНЫҢ Бағдарламаға қатысу кезеңі барысында САТЫП АЛУШЫ шиналарды сатқан кезде әрбір соңғы тұтынушыға сатып алынған |
| Continental | Continental |
| (предоставление обоих чеков обязательно), а также заполненный должным образом гарантийный сертификат с уникальным номером, с подписью конечного потребителя и печатью ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации. | Шинасының атауы көрсетілген тауарлық және кассалық чектер (екі чекті де беру міндетті), сондай-ақ бірегей нөмірі бар, тиісті түрде толтырылған, соңғы тұтынушының қолы қойылған және САТЫП АЛУШЫНЫҢ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымның мөрі басылған кепілдік сертификаты беріледі. |
| При обращении конечного потребителя к ПОКУПАТЕЛЮ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации и предъявлении поврежденной Шины ПОКУПАТЕЛЬ должен обязательно удостовериться, что данная Шина подпадает под действие Программы. При этом ПОКУПАТЕЛЬ или уполномоченная ПОКУПАТЕЛЕМ организация также проверяет наличие у обратившегося к нему конечного потребителя товарного и кассового чеков (наличие обоих чеков обязательно) с указанием наименования Шины, а также гарантийного сертификата с печатью ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации.<br>Установив, что Шина и предъявленные на нее конечным потребителем документы, указанные в настоящем разделе Программы, соответствуют положениям настоящей Программы, ПОКУПАТЕЛЬ или уполномоченная ПОКУПАТЕЛЕМ организация принимает решение о возможности ремонта поврежденной Шины или необходимости ее замены. В случае принятия решения о замене Шины и отсутствия на складе ПОКУПАТЕЛЯ той же модели Шины, замена производится на аналогичную модель по характеристикам и качеству.<br>В целях получения возмещения Затрат ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии ПОКУПАТЕЛЬ | Соңғы тұтынушы САТЫП АЛУШЫҒА немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымға жүгінген және зақымданған Шинаны көрсеткен кезде, САТЫП АЛУШЫ осы Шинаның Бағдарламамен қамтылатынына міндетті түрде көз жеткізуі қажет. Бұл ретте, САТЫП АЛУШЫ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйым оған жүгінген соңғы тұтынушыда Шинаның атауы көрсетілген тауарлық және кассалық чектердің (екі чек те міндетті түрде болуы қажет), сондай-ақ САТЫП АЛУШЫНЫҢ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымның мөрі басылған кепілдік сертификатының бар болуын тексереді.<br>Шинаның және Бағдарламаның осы бөлімінде көрсетілген соңғы тұтынушының көрсеткен құжаттарының осы Бағдарлама ережелеріне сәйкес келетінін анықтаған соң, САТЫП АЛУШЫ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйым зақымданған Шинаны жөндеу мүмкіндігі немесе оны айырбастау қажеттігі туралы шешім қабылдайды. Шинаны айырбастау туралы шешім қабылдаған және САТЫП АЛУШЫНЫҢ қоймасында сол үлгідегі Шина болмаған жағдайда, сипаттамалары мен сапасы бойынша соған ұқсас үлгідегі Шинаға айырбасталады.<br>САТЫП АЛУШЫНЫҢ Кепілдік бойынша шығындарының өтеуін алу мақсаттарында САТЫП АЛУШЫ төменде көрсетілген |

| | |
|---|---|
| собирает указанные ниже документы и предоставляет их ПРОДАВЦУ:<br>- копии товарного и кассового чеков (наличие обоих чеков обязательно) на покупку конечным потребителем Шины у ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации, которая была отремонтирована/заменена ПОКУПАТЕЛЕМ;<br>- копию гарантийного сертификата с уникальным номером на поврежденную Шину, заполненного надлежащим образом (все графы должны быть заполнены, печать (или отметка) ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации должна быть проставлена) и содержащего подпись конечного потребителя;<br>- копию заказа-наряда на проведение ремонтных работ, монтажа, демонтажа, балансировки/работ по замене поврежденной Шины с подписью конечного покупателя;<br>- заявку ПОКУПАТЕЛЯ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организации, надлежащим образом заполненную (все графы должны быть заполнены) и содержащую подпись и печать ПОКУПАТЕЛЯ.<br>Взаимодействие между ПОКУПАТЕЛЕМ и ПРОДАВЦОМ в связи с гарантийным случаем, подпадающим под действие Программы, регламентируется Порядком взаимодействия ПРОДАВЦА и ПОКУПАТЕЛЯ по поводу предоставления гарантийных сертификатов и обработки обращений конечных потребителей (в рамках расширенных условий к гарантии на шины Continental), изложенным в разделе 4 Программы. | құжаттарды жинап, оларды САТУШЫҒА көрсетеді:<br>- САТЫП АЛУШЫДАН немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымнан САТЫП АЛУШЫ жөндеген/айырбастаған шинаны соңғы тұтынушының сатып алуы кезінде берілген тауар және кассалық чектердің көшірмелері (екі чек те міндетті түрде болуы қажет);<br>- тиісті түрде толтырылған (барлық бағандары толтырылуы қажет, САТЫП АЛУШЫНЫҢ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымның мөрі (немесе белгісі) қойылуы қажет) және соңғы тұтынушының қолы қойылған бірегей нөмірі бар зақымданған Шинаға берілген кепілдік сертификатының көшірмесі;<br>- жөндеу жұмыстарын, монтаждау, демонтаждау, теңгеру/зақымданған Шинаны айырбастау бойынша жұмыстарды жүргізуге соңғы тұтынушының қолы қойылған тапсырыс-жүктелімнің көшірмесі;<br>- САТЫП АЛУШЫНЫҢ қолы қойылған және мөрі басылған, тиісті түрде толтырылған (барлық бағандары толтырылуы қажет) САТЫП АЛУШЫНЫҢ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйымның өтінімі.<br>Бағдарлама аясында қамтылатын кепілдік жағдайына байланысты САТЫП АЛУШЫ мен САТУШЫНЫҢ өзара әрекеті кепілдік сертификаттарын беру және соңғы қолданушылардың Бағдарламаның 4-бабында баяндалған өтініштерін өңдеу жөніндегі (Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары аясында) САТУШЫ мен САТЫП АЛУШЫНЫҢ Өзара әрекеттесу тәртібімен реттеледі. |
| **4. Порядок взаимодействия ПРОДАВЦА и ПОКУПАТЕЛЯ по поводу предоставления гарантийных** | **4. САТУШЫ мен САТЫП АЛУШЫНЫҢ кепілдік сертификаттарын беру және соңғы тұтынушылардың өтініштерін** |

| | |
|---|---|
| **сертификатов и обработки обращений конечных потребителей (в рамках расширенных условий к гарантии на шины Continental).**<br><br>В момент продажи Шин(ы) в рамках расширенных условий к гарантии на шины Continental ПОКУПАТЕЛЬ обязан оформить следующие документы:<br>- кассовый **чек** (если Покупатель или уполномоченная ПОКУПАТЕЛЕМ организация выдает его)**;**<br>- **товарный чек;**<br>- **бумажную копию электронного сертификата** на участие в Программе, распечатанную с онлайн-портала www.contipromo.ru.<br><br>В течение семи рабочих дней с момента получения обращения от конечного потребителя ПОКУПАТЕЛЬ обязан:<br>-зарегистрировать обращение от конечного покупателя на оналйн-поратле www.contipromo.ru путем создания рекламации на Шину (ы);<br>-присоединить к рекламации сканированные копии указанных ниже документов/фотографии:<br><br>а) копия кассового и товарного чеков на приобретение Шин(ы);<br>б) копия документов, подтверждающих проведение ремонта Шин(ы)(если был ремонт шин);<br>в)фотографии повреждения Шины. При необходимости сотрудниками отдела ПРОДАВЦА по работе с клиентами могут быть запрошены дополнительные фотографии шины (ее частей) и повреждений.<br><br>Срок рассмотрения ПРОДАВЦОМ заявок ПОКУПАТЕЛЯ составляет двадцать рабочих дней с момента их поступления при условии получения корректно оформленных ПОКУПАТЕЛЕМ документов в соответствии с настоящим разделом Программы. | **өңдеу жөніндегі (Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары аясында) өзара әрекеттесу тәртібі.**<br><br>Continental шиналарына кепілдік берудің кеңейтілген шарттары аясында Шинаны(ларды) сату кезінде САТЫП АЛУШЫ келесі құжаттарды ресімдеуге міндетті:<br>- кассалық **чек** (егер оны Сатып алушы немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйым берсе)**;**<br>- **тауар чегі;**<br>- www.contipromo.ru онлайн-порталынан басып шығарылған Бағдарламаға қатысуға берілетін **электрондық сертификаттың қағаз көшірмесі**.<br>Соңғы тұтынушы жүгінген сәттен бастап жеті жұмыс күні ішіндегі САТЫП АЛУШЫНЫҢ міндеттері:<br>-соңғы тұтынушының жүгіну әрекетін Шинаға(ларға) шағым-талаптар жасай отырып, www.contipromo.ru онлайн-порталында тіркеу;<br>-төменде көрсетілген құжаттардың/фотосуреттердің сканерленген көшірмелерін шағым-талапқа қоса тіркеу:<br>а) Сатып алынған Шинаға(ларға) берілген кассалық және тауар чектерінің көшірмелері;<br>б) Шинаға(ларға) жөндеу жұмыстарының жүргізілгенін растайтын (егер шиналарға жөндеу жұмыстары жүргізілсе) құжаттардың көшірмелері;<br>в) Зақымданған Шинаның фотосуреті. Қажет болған жағдайда, САТУШЫНЫҢ клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімінің қызметкерлері шинаның (оның бөліктерінің) және зақымданулардың қосымша фотосуреттерін сұратуы мүмкін.<br>САТУШЫНЫҢ САТЫП АЛУШЫНЫҢ өтінімдерін қарап шығу мерзімі Бағдарламаның осы бөліміне сәйкес САТЫП АЛУШЫНЫҢ дұрыс ресімдеген құжаттарын алу шартымен олар түскен әттен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды. |

| | |
|---|---|
| После рассмотрения заявки отдел ПРОДАВЦА по работе с клиентами информирует ПОКУПАТЕЛЯ о решении посредством официального письма.<br><br>Письмо, подписанное сотрудником отдела, направляется в адрес ПОКУПАТЕЛЯ по электронной почте в сканированном виде.<br><br>Компенсация затрат ПОКУПАТЕЛЯ в рамках Программы осуществляется путём снижения его дебиторской задолженности перед ПРОДАВЦОМ, при условии предоставления ПРОДАВЦУ ПОКУПАТЕЛЕМ или уполномоченной ПОКУПАТЕЛЕМ организацией поврежденной Шины на своем складе.<br><br>В случае не предоставления ПОКУПАТЕЛЕМ указанных в настоящем разделе Программы документов, а также не получения ПРОДАВЦОМ поврежденной Шины, как это указано в настоящем разделе, ПРОДАВЕЦ оставляет за собой право не компенсировать затраты ПОКУПАТЕЛЯ по гарантии до выполнения ПОКУПАТЕЛЕМ соответствующих требований Программы.<br><br>**5. Период действия Программы**<br><br>Настоящая Программа введена в действие с 01 февраля 2021 года и может быть изменена Продавцом в любое время по его усмотрению путем ввода в действие новой редакции Программы.<br><br>**6. Территория действия программы** – Республика Казахстан<br><br>ТОО «Continental Matador KZ» (Континентал Матадор КейЗэт)<br>г. Алматы, ул.Ауэзова, 60 | Өтінімдерді қарап шыққаннан кейін САТУШЫНЫҢ клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімі САТЫП АЛУШЫҒА ресми хат жолдау арқылы қабылдаған шешімі туралы хабарлайды.<br>Бөлім қызметкерінің қолы қойылған хат сканерленген түрінде электрондық пошта арқылы САТЫП АЛУШЫНЫҢ мекенжайына жіберіледі.<br>Бағдарлама аясындағы САТЫП АЛУШЫ шығындарының өтемақысы САТЫП АЛУШЫ немесе САТЫП АЛУШЫ уәкілеттік еткен ұйым САТУШЫҒА өз қоймасындағы зақымданған Шинаны беруі шартымен САТЫП АЛУШЫ алдындағы оның дебиторлық берешегін төмендету арқылы жүзеге асырылады.<br><br>САТЫП АЛУШЫ Бағдарламаның осы бөлімінде көрсетілген құжаттарды бермеген, сондай-ақ САТУШЫ осы бөлімде көрсетілгендей зақымданған Шинаны алмаған жағдайда, САТЫП АЛУШЫ Бағдарламаның тиісті талаптарын орындағанға дейін САТЫП АЛУШЫНЫҢ кепілдік бойынша шығындарының орнын толтырмау құқығын САТУШЫ өзіне қалдырады.<br><br>**5. Бағдарламаның әрекет ету кезеңі**<br><br>Осы Бағдарлама 2021 жылдың 01 ақпанынан бастап әрекет ете бастады және Сатушы өзінің қалауы бойынша кез келген уақытта Бағдарламаның жаңа редакциясын жасау арқылы оны өзгерте алады.<br><br>**6. Бағдарламаның әрекет ету аумағы** – Қазақстан Республикасы.<br><br>«Continental Matador KZ» (Континентал Матадор КейЗэт) ЖШС<br>Алматы қ., Әуезов к-сі, 60 |